

ӘОЖ 379.8

ЭТНО-МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ БҮГІНГІ СИПАТЫ

Н.Камалова, К.Кайрбеков, Л.Жұмабай
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Бүгінгі таңдағы демократиялық мемлекет құрылу жағдайында және әлеуметтің жаңарып-жаңғыруында тарихи-рухани құндылықтарды халқына қайта оралтып, жаңа серпіліс беру қажеттігі қоғамдық сұранысқа, мемлекеттік мақсатқа айналып отыр. Бұл жағдайда зерттеушілердің назары ұлттық мәдениет ерекшеліктеріне аударылды, өйткені ұлттық болмыс, рухани өрлеу ұлттық мәдениет пен руханиятының ғылыми мәселелері шешілмей рухани өрлеу мен ұлттық болмысты өз дәрежесінде қалыптастырып, өзгеге танылу мүмкін емес. Бұл дегеніміз әлемдік мәдени даму көшінен кейін қалу. Сонымен, рухани кеңістігі ұлтаралықтан әлемдік деңгейге жететін мемлекеттер қатарынан орын алу үшін экономика, географиялық орта, мәдени-техникалық деңгейі мол тіл мен қатар өзгелер алдында даралайтын, түр-сипаты, мағынасы бойынша өзгелермен үндестігі болса да даралықтарымен оқшауланатын мәдениет – мемлекет дамуының көрсеткіші болып танылады. Мұнысыз этнос рухани өмірінің толық суреттемесін ұғыну мүмкін емес. Соның ішінде дәстүрлі мәдениет үлгілерін зерттеу гуманитарлық ғылымдар, әсіресе мәдениеттану, мәдени-тынығу жұмысы үшін басты мақсаттардың бірі болып танылады.

Ұлт рухани мәдениетінің көптеген үлгілерін қамтыған біртұтас мәдени әрекет болып тарихи кезеңдердің бәрінен дерлік сақталып келген той-мерекелік, салт-дәстүрлік әрекеттер жалпы мәдениеттің күрделі бөлігі. Ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа мәдени мұра ретінде аманат есебінде табыс етіліп, зейін-зердесіне ұғындырылып келген бұл мұра ғылыми тұрғыдан талданып, зерттеуді талап етіп отыр. Ата дәстүрге аса назар аудару қажеттілігі мемлекеттік талапқа айналды. 2000 жыл Қазақстан президентінің жарлығымен мәдениет жылы болып жарияланып, 2001-2003 жылдары мәдени мұраларды зерттеу жылдары деп аталды. Мәдени мұраларды зерттеп, халқына қайтару, әсіресе жастар ой-санасын, мәдени-эстетикалық талғамын ұлттық мәдениетке бетбұрыс жасату кезек күттірмейтін мәселе болғандықтан, мәдени мұраларды анықтау, сақтау, насихаттау мақсаттары зерттеушілер алдына қойылып, ыждаһаттылықпен қадағаланып отыр. Сонымен бірге, демократиялық даму жолына бет алған мемлекетіміз рухани жетістіктерімізді баяндау, мемлекеттік басты уақиғаларға жұртшылық назарын аударып, өзгелерге танылу, яғни айтқанда өмір салтын насихаттау мақсатында дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын той-мерекелерге қоса мемлекеттік мерекелік күнтізбек жасалып, орынымен атқарылып келеді. Бірақ оларды ұйымдастыруда ұлттық, тіпті шығыстық менталитеттен алшақтап, мерекелердің мән мақсатынан гөрі сыртқы сипатына көптеу назар аударылып, тарихта қалыптасқан мереке мән мағынасынан көптеген жағдайда ауытқулар байқалуда. Оған қоса қазақ салт-дәстүрлері мен той-мерекелері жалаң этнографиялық, яғни айтқанда қысқа әрекеттік сипаттамалардан басқа мәдени құндылық есебінде танытатын мағлұматтар болмауына байланысты ұлттық рухани қазына кедейленген келбет атуда. Той-мерекелер мен салт-дәстүрлердің мән-мағынасын анықтап, олардың атқаратын міндеттерін даралап, түр сипатын зерттемейінше, мерекелерді синкреттік тарихи-мәдени құбылыс, ұлттық дәстүрлі құндылық ретінде тану мүмкін емес. Бұл мәселені шешуде халық арасында сақталған мағлұматтар, әсіресе оралмандар тұрмысында сақталған этномәдени құндылықтар аса маңызды орын алады. Өйткені өткен ғасырда шет елге кетуге мәжбүр болғандартуған жерге деген сағынышын басу үшін, өз мәдениетін, тұтастығын сақтау үшін, ұлт болмысын жоймау үшін бабадан қалған рухани мұраны барынша қалпын бұзбай сақтап қалған. Сонымен, той-мерекелік, салт-дәстүрлік әрекеттердің ұлт мәдениетінің басты құбылыстарының бірі ретінде танылуы, өркендеуі, даму қажеттілігі айқын әлеуметтік мақсат екені белгілі болғанымен, олардың әлі күнге дейін этно-мәдени тұрғыдан тиянақталып, рухани мұра сақтаушысы оралмандар арасынан жинақталмауы – ғылыми қарама-қайшылық туындатады.

Енді зерттеу мәселесінің тарихи-ғылыми мағлұматтамасына назар аударайық. Қазақ той-мерекелік, салт-дәстүрлік мәдениеті арнайы зерттеу пәніне бүгінгі күнге дейін айналмасада, бұл саланың кейбір мәселелері басқа гуманитарлық ғылымдар саласынан

қарастырылған. Шығыс әдебиетінде Бируни, Фирдоуси, аль Фараби, Алишер Навои, Бабыр, Ш.Уалиханов т.б. авторлар мереке мен дәстүрлік мәдениетке өз көзқарастарын білдіріп, кейбіреулері толық сипаттама берсе, Көне Грецияда Платон, Аристотель, Геродот, қоғамдық қажеттілік тұрғысынан мерекелер мен салт-дәстүрлер туралы мағлұматтар қалдырған. Батыс ғалымдары ішінде Голландия мәдениет тарихшысы Хейзинганын мерекені ойын тұрғысынан адамның рухани өміріне ықпал ету құралы ретінде жазған еңбегі елеулі орын алады. Гуго Ранер тарихи тұрғыдан, ал Йозеф Пипер мерекелерді діни көзқарас арқылы зерттеген. Харвей Кокстың буржуазиялық мемлекеттердегі мерекелер даму кризисы туралы еңбегі назар аударарлық ғылыми еңбек. Кеңес үкіметі ғалымдары мерекеге социологиялық тұрғыдан – К.Жигульский, педагогикалық тұрғыдан –Д.Генкин, тарихи сипаттама –Г.Чечетин, режиссура теориясы тұрғысынан – И.Шароев, салт-дәстүрлердің әлеуметтік ролі туралы еңбек жазғандар Брудный, Руднев, Угринович. Қазақстан ғалымдарынан той-мерекелер мен салт – дәстүрлерді тек дәстүрлік әрекеттің бірі ретінде – Сәрсенбаев, этнографиялық информацияны қамтыған Х.Арғынбаев. Олардың ішінде оралмандар тұрмысында сақталған қазақ той-мерекелері туралы мағлұмат жоқ.

Алдымызға қойған мақсатты жүзеге асыру үшін Оңтүстік Қазақстан облысы көші-қон департаментімен байланыс жасап, сол жерде тіркелген оралмандармен байланыс жасадық. Арнайы интервью сауалнамасын құрастырып, онда оралмандар тұрмысында сақталған ұлттық дәстүрлерді анықтайтын, олардың респонденттер өмірінде орын алғандарын, солар арқасында этно-мәдени мұра сақталу деңгейін анықтайтындай сұрақтар қарастырдық. Сауалнамаға жауап берген респонденттер саны – 56. Негізінен 40-60 жас аралығындағы адамдар. Бұл жерде назар аударатын факт елімізде туып өскен 40 жастағы адамдардың көпшілігі тұрмысында сақтамайтын салт-дәстүрлерді оралмандар парыз деп санайтыны. Сонымен, Иран, Ауғанстан, Қытай, Түркіменстан, Өзбекстаннан оралған қандастарымыздың тұрмысында сақталған мәдени мұралар.

Барлық информаторлар берген мәліметтерде де қыз ұзату мен келін түсіру салты баяндалды. Жесірін жалғыздыққа қимастан әменгерлік салтын құрып, жалғыз басты отан құрмағандарды некелестіруді Наурыз күні көпшілік шешімімен үйлендіріп табиғат заңдылығын қатаң қадағалап «жалғыздық тек құдайға ғана жарасқан»- деп есептеген қазағым, баласының есіеті қызының бесіеті болуын арман еткен. Сол себептен ұрпағының ғұмырлылығы мен тектілігін бірдей мұрат тұтқан бабаларымыз балаларын некелестірмес бұрын жеті атасынан тергеу жүргізіп, тектілігі мен тәрбиелілігіне басты назар аударған. Келін келтіру мен қыз ұзату, олардың ел алдында өнегелі болуы екі жақтың да ата-анасына бірдей сын болған. Ал тойды томалақ етіп өткізу, яғни сынсыз, мінсіз өткізу сол сындардың басы болған. Осылар туралы сауалнама өткізілді. Жауап беруші-респонденттердің барлығы да той құда түсу мен негізгі тойдан тұратынын мәлімдеді. Құдалықты құда түсу мен құдалық тойына бөледі. Тек ауғанстаннан оралғандардың салтында құдалықтың жаушы баруынан басталатынын анықтадық. Жаушы бару, әдебиетте көрсетілгендей, уәделескен адамдар арасындағы салт. Х.Арғынбаев айтуынша жаушы деп аталуы отбасының үміті, елінің сәні болып отырған бойжеткенді өзге елге алып кетуге байланысты, өмір заңдылығы болсада қимастық білдіру. Жаушы келісімге келіп, ақ сарыбас қойдың адал қанын қыз әкесі мен жаушы маңдайларына жағып уәделескен. Шеге шапан жауып жаушыны құдасындай күткен. Ауғанстаннан оралған қандастарымызда бұл дәстүрдің шеге шапан кигізуі сақталған екен. Мәлімет беруші Жарылқап Шәрафутден. Ираннан келген Сүлеймен мен Түркіменстаннан келген Досмәмбет Ышық хабарлауынша құда түсуге қалыңдық жағына екі адам барады. Олар қалыңдықтың ағайындарымен той мен той жоралғылары туралы келісіп, қызға сырға салып, қалыңдық атандырып, той мерзімін шешеді екен. Қыз ұзату тойы алдында Түркіменстан мен Өзбекстандағы бауырларымыз қалыңдық жағын құдалыққа шақырып, қалыңмалы мен ана сүт ақысын береді екен. Ал Түркіменстандағылар бұдан басқа құдалары жағына мал сойып, бір қаптап күріш, бауырсақ, қанттарын апарады. Басты сыйлық келінге деп құйымшақты пісіріп беріп жібереді екен. Ол кейін күйеу балаға деген арнайы дәм пісірілген төс ретінде қайтарылады екен.

Қыз ұзату тойына күйеу жігітпен бірге 3-4 адам келіп, кемпір өлді, шаш сипатар, қол ұстатар рәсімдерінің куәсі болатын көрінеді. Иранда күйеу жігіт қалыңдығын бір күннен кейін өзімен бірге алып кетсе, қытайдағылар той соңында қалыңдықты алып кетіп, ертесіне үйіне

алып келіп, ойын-сауық құрып тағыда кетеді екен. Бұл рәсімнің неге атқарылатынын Қытайдан келгендер толық пайымдап айта алмады. Мәлімет бергендердің барлығы бірдей төсек жинау рәсімі туралы айтты. Жеңгесі төсек орынды көрсетіп, жинап береді де тиесілі сыйлығын алады. Сыйлық жасау той жасаушылар үшін қатынасушылардың барлығын риза ету мақсатында атқарылады,- дейді өзбекстаннан келген Дүйсенкүл апай. Ошак қазар деп күтушілерді ризалайтын арнайы сыйлықты келген құдалар сыйлайтын көрінеді. Бұл әрекеттер қажеттілігі қарым-қатынастың тазалығын сақтауда деп ұғындырды мәлімет берушілер. Той барысында екі жақтың адамдары арасында таныстық, силастық жолдарын қалыптастыру мақсатында тілегі мен үміті мол рәсімдік әрекеттер: ұн жағар, құйрық-бауыр асатар, қол ұстатар, шаш сипатар; тойшылар арасында қуаныш бөлісуге ынталандыратын сүйінші сұрау, еңтікпе беру, тойбастар айту, түйе мұрындық керу (біздерде оны арқан тарту деп атайды) сияқты әрекеттер атқарылатынын анықтадық. Сонымен бірге, той барысында екі жақтың адамдары арасында еркін қарым-қатынас қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған ойын әрекеттері: құда тартыс, кемпір өлді, ит ырылдатар сияқтылары қажетті психологиялық жағдаяттар қалыптастырған. Олар тойға қатынасушылар арасында мерекелік жағдаят туындатып, пікір қалыптастырып, еркін қарым-қатынас жасауға мүмкіндік туғызған.

Сонымен бірге анықталғаны тойда киілетін сәндік бұйымдар мен киімдер. Түркіменстан мен Өзбекстаннан келгендер сәндік киімдер ішінде қазақы шапан мен камзолдарды атады. Оларды құдаларға тарту есебінде кигізетін көрінеді. Ал Иран мен Ауғанстандағы, Қытайдағы бауырларымыз қалыңдыққа берілетін, тойда тағылатын сәндік бұйымдар ішінде отбасылық құндылық болып келген өңіржиек (мойынға тағылатын ұзын әшекей бұйым) пен белдікті атады. Күміс бұйымдарды атаған 4 респондент болды.

Рухани құндылық ретінде көңіл аударарлық мәселе қазақ қолөнер шеберлігі. Ұзатылар қыздың іс тігуі, кесте төгуі, кілем тоқуы тек тұмыстық қажеттілік ретінде ғана емес, сонымен бірге ата кәсіптің игерілу қажеттілігімен түсіндірілді. Қолынына іс келмейтін бойжеткеннің тәрбиелі қыз деп саналуы мүмкін емес деп ұғындырды Дүйсенкүл апай. Иран, Ауғанстан, Өзбекстанда тәрбие көрген қандастарымыздың қыздары көне кәсіпті жете үйренгендер көрінеді.

Сонымен, оралман отбасындағы сақталған этно-мәдени әрекеттер арасында қыз ұзатуға байланысты рухани құндылығы бар деп: қыз таңдау, құда күту, арнайы рәсімдік тағамдар дайындау, рәсімдік киімдер мен сәндік бұйымдардың сақталғанын айта аламыз. Олардың сақталу себебін рухани қажеттілік – ұлттық сипатты сақтап қалумен түсіндіре аламыз.

Резюме

В статье представлены материалы сопоставительного анализа сохранения семейно-бытовой обрядности среди оралманов.

Summary

This article presents the materials of family-conditioned life ritual preservations among oralman